«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
_______ Г.Қ. Нұрмағанбетова
«08» ____09____ 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
_______ К.С.Медеуова
«28» ____08____ 2020 ж.

# Вариативтік компонент
# «Тәрбие әдептілік бастауы»

Бағдарламаны дайындаған:
№12 «Балдырған» ортаңғы тобының тәрбиешісі:
Бердешова Д.С

***Қандыағаш қаласы***

**«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының**
**тәрбиешісі Бердешова**
**Динара Сисенгалиевнаның**
**«Тәрбие әдептілік бастауы» атты еңбегіне**

## Пікір

Қалап алынған тақырып қазіргі кездегі өте қажетті мәселенің бірі деп санаймын. Бұл бағдарламаның ең негізгі мақсаты балалардың оқу білім дағдыларына көңілді жадыратар сабақ ретінде қалыптастыру. Автор аталған еңбегінде балаларды айнала қоршаған ортамен, табиғатпен таныстырудағы алатын орнына ерекше көңіл бөле отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалар тобына арнап құрастырған және сәйкес топтастырылып, сай ойластырылған. Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, айналаны танып білуін қалыптастыруға, табиғатты еңбекті ұйымдастырудың жолдары қамтылған. Балаларға өзіне-өзі қызмет көрсетуге, айналасындағы достарына көмек көрсете білуіне, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып белсенді еңбек етіп, қарым қатынас жасай білуге үйрету және жеке тұлғаның қалыптасуына, оның ақыл ойының дамуына, адамгершілік – рухани қасиеттерінің қалыптасуына, еңбек және дене тәрбиесі тұрғысынан өсіп жетілуіне өте жақсы әсер ететіндігі ескерілген. Баланы айнала қоршаған ортамен табиғатпен таныстырып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп баптауға, аялауға үйретудің әдістемелік тұргыдан нақты көрсетіліп, әрекеттердің құрылымының сақталуына, балалардың танымын дамытуға, еңбекке баулуға, табиғат құбылыстары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіге назар аударылған.

Автор өз еңбегінде халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тыйым сөздер сол сияқты халық болжамдары пайдаланылған және де аталған мәселелерді өз алдына мақсат етіп қойып, көп ізденгені, іс-тәжірибесінде қолданғаны көрініп тұр. Вариативтік бөлім «Тәрбие – әдептілік бастауы» тақырыбы бойынша алынып отырған сабағынан балалардың байқампаздығы, шыдамдылығы, тазалыққа бейімделуі, өмірге деген қызығушылығы, өз бетінше еңбек ету қабілеттері дамиды. Тақырып мазмұны жан жақты ашып көрсетілген және балалар үшін қызықты, жалықтырмайтындай қызықты болуы керектігі ескерілген.

Аталған еңбек ересек жастағы балалар тобында жұмыс істейтін қазақ балабақшаларының тәрбиешілері үшін арнайы дайындалғандығын ескеріп іс тәжірибені ұсынуға болады.

**«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»**
**МКҚК әдіскері: ________ Г.С.Құлжанова**

# Түсінік хат

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ететін кез келді.Қазіргі заманғы педагогика бұл даму педагогикасы, себебі ол әр баланың жеке тұлғасын, оның шығармашылық потенциялын, қабілетін дамытатын тәрбиелік және білім беру әрекетінінің нәтижесі. Тәрбие балабақшаға кірген босағадан басталады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Тәрбиенің арқауы - әдептілік. Әдептілік - әр адамның бетбейнесі, өзін - өзі таныту жолындағы іс үлгісі, адамның қасиеті. Адамдық тәрбиенің алтын арқауы да, халық педагогикасының қайнар бастауы да - әдептілік. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тамыры терeңде жатқан таусылмас қазына. Ұлттық тәрбие негізінде баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту халықтық педагогика арқылы жүзеге асады. Жоспарда баланың сөздік қорын, тілін, мәдениетін балабақшада ата -аналармен бірлесе отырып қалыптастыруды негізделген. Отбасы баланың өсіп - өнетін, өнеге алатын алтын ұясы, ал балабақшада әр түрлі ұлттық ойындар, сахналық қойылымдар,дидактикалық ойындар, ертегілер арқылы балалардың тілін жан - жақты дамытып тәрбиеленеді. Қазіргі заман талабы баланың жеке басын қалыптастыру, оның көкірегін оятып, ата-бабадан қалған асыл мұрасын, тұрмыс салтын, өнегесін, әдеп - ғұрып дәстүрін баланың сәби шағынан бойына сіңіру адамгершілік, ізеттілік, эстетикалық сезім әрекеттерін қалыптастыру. Баланың әдепті көркемді болып өсуіне ықпал ету, баланың Отанын өз елін, өз жерін сүюге, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Мақсаты:**
Отбасымен тығыз серіктестік қатынас орната отырып, балада шығармашыл тұлға қалыптастыру мен тәрбиелеу, әдептілік тәрбиесін ұғындыру.

**Міндеттер:**

- Әр балаға жеке дара тұлға ретінде жеке басына сыйластықпен, түсіністікпен қарау.
- Тәрбие басы біріншіден әдептілікке үйрету. Екінші баланы қайырымды, әдепті, мейірімді болуға баулу. Үшіншіден тіл алғыш, елгезек, адал, шыншыл, ата - ананы,үлкенды сыйлап, кішіге қамқор болуға, сонымен қатар елін, жерін сүюге тәрбиелеу.
- Балабақшамен ата - аналар ынтымақтастықта жұмыс жүргізу, балаларға тиісті көңіл бөліп, олармен санаса білу арқылы келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**
- өз жолдастарымен достық қарым - қатынасы қалыптасады;
- ұлттық ойындарға, қимыл - қозғалыс ойындарына қызығушылығы артады.
- Еңбекқорлыққа,адамдардың еңбегін жоғары бағалауды үйренеді.

Құрылымы: аптасына 1 рет, 36 сағатқа негізделіп құрылды.

| № | Тақырыбы: | Мақсаты | Сағат саны | Өтілетін күні |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **Үлкендерді сыйлау (ойын арқылы)** | **Балаларды үлкендермен қарым-қатынаста әке-шешесін, әжесін, атасын тыңдау,сыйлауға үйрету.** | 1 | |
| 2. | **Әдептілікке тәрбиелеу** | Балаларды сәлемдесу,қоштасу,ізгілікке баулу.Тамақтану мәдениетін үйрету. | 1 | |
| 3. | **Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйрету.** | Ойын бұрышында ұқыпты ойнауға, әрі таза ойын қоюға үйрету. Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету. | 1 | |
| 4. | **Үй жануарларына қамқорлық** | Төрт түлік мал туралы түсінік беру,олармен таныстыру. Үй жануларларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 5. | **Жапырақ жинайымыз (ойын ермек)** | Өзіне-өзі қызмет дағыдларынжетілдіру, ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету, табиғат байлығы, ағаштар бәрі де адамға қажет екенін түсіндіру. | 1 | |
| 6. | **Ата-ананың еңбегегін қадірлеу.** | Ата-ананың мамандығын білу арқылы еңбегін қадірлеу. Еңбек туралы түсінік. | 1 | |
| 7. | **Топты таза ұстауға үйрету.** | Топты таза ұстауға, бөлмені жинастыруға үйрету. Ұжымдық еңбекті татулықпен атқару. | 1 | |
| 8. | **Менің сүйікті ойыншығым** | Ойыншықтармен еңбек дағдыларын қалыптастыру. (ұйықтату,киіндіру, жуындыру) | 1 | |
| 9. | **Келші, келші, балапан. Қуыршақты киіндіреміз.** | Ойын түрінде қуыршақты киіндіріп, күзгі киімдердің ерекшеліктерін білдіру. | 1 | |
| 10. | **Жабайы аңдармен танысамыз.** | Суреттеп жабайы аңдарды көрсетіп, солар туралы айту, үй жануарларынан айырмашылығын айту. | 1 | |
| 11. | **Ақ боз үй. Ұлттық бұйымдармен таныстыру.** | Жалпы үй мүліктері, бұйымдарына ұқыптылықпен қарауға, олардың адамға қажет нәрсе екенін түсіндіру. | 1 | |
| 12. | **Балабақша қызметкерлерінің еңбегін қадірлеу. Кім болсаың? (ойын** | Балабақша қызметкерлерін атай білуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **түрінде)** | | | |
| 13. | **Кім боласың? (ойын түрінде)** | Балаларға түрлі мамандықтар туралы түсінік беру. Сурет бойынша мамандықтардың атауларын атап, еңбектерін түсіндіру. | 1 | |
| 14. | **Қыс қызығы.** | Қысқы өзгерістер туралы түсінік беру, шана туралы түсінік беру. Ойлау қабілетін дамыту. | 1 | |
| 15. | **Қыстайтын құстар.** | Құстармен таныстыру, құстарды аялауға, қамқорлық жасауға үйрету. | 1 | |
| 16. | **Біздің шырша** | Шырша туралы түсінік беру. Бір-бірімен шын ниетпен ізгі тілектер білдіре білуге тәрбиелеу. | 1 | |
| 17. | **Ақ сатархан. Дастарханға не керек?** | Тамақ ішер алдында қол жуу, тамақты асықпай ішу керектігін түсіндіру. Дәстүр туралы түсініктерін молайту, өлеңді жатқа айтуға үйрету. | 1 | |
| 18. | **Келші,келші, балашым. Қуыршақ қонаққа келді.** | «Тұсау кесу» туралы түсінік беру. Ойыншық арқылы ойын түрінде дәстүр туралы түсініктерін молайту. | 1 | |
| 19. | **Көкеністер – табиғат байлығы** | Көкөністер туралы түсінік беру. Көкөністер, жемістер адамға қажет екенін айту. | 1 | |
| 20. | **Аквариумдағы балықтар** | Аквариумдағы балықтарды бақылата отырып, балықтарға қайырымдылық, сүйіспеншілік негіздерін қалыптастыру. | 1 | |
| 21. | **Ақ дастархан. Ұлттық тағамдармен таныстыру.** | Ұлттық тағамдармен таныстыру, тамақ ішер алдында қол жуу, асты асықпай ішетіндігін айту. | 1 | |
| 22. | **Ақ дастархан. Ұлттық тағамдармен таныстыру.** | Ұлттық ыдыстармен таныстыру, оларды салыстыру, есте сақтау дағдыларын дамыту. | 1 | |
| 23. | **Ақ боз үй. Ұлттық киімдер.** | Ұлттық киімдермен, ою-өрнек пен таныстыру, басқа киімдермен айырмашылығын түсіндіру. | 1 | |
| 24. | **Бақшаға саяхат.** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру. Табиғат байлығы , жерде өсетін өсімдіктер , жемістер адамға қажет екенкін түсіндіру. | 1 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 25. | **Жылы жақтан ұшып келген құстарға қамқорлық жасау.** | Жылы жақтан ұшып келген құстар туралы түсінік беру. Қыстайтын құстарды ажыра білуге үйрету. Құстарға қамқорлық жасауға баулу. | 1 | |
| 26. | Келші, келші, балашым. Сүйікті әжем. | Аналар мейрамы туралы түсінік беру.Үлкендерді сыйлауға үйрету. | 1 | |
| 27. | Кім боласың? (ойын түрінде қайталау сабақ) | Балаларға еңбек, мамандықтар туралы алған білімдерінойын арқылы жетілідіру, мамандықтардың атауларын дұрыс айтқызу. | 1 | |
| 28. | Құтты болсын-Наурыз. | Халықтың ұлттық мерекесі наурыз туралы түсінік беру, ұлттық киімдермен, тағамдармен таныстыру. | 1 | |
| 29. | **Жер байлығы-ел байлығы. Коктем.** | Балаларға көктем туралы түсінік беру, көктемдегі өзгерістер туралы айту,табиғатты аялауға үйрету. | 1 | |
| 30. | **Төрт түлікке қамқорлық.** | Балаларды ненің 4 екенін ажыратып атауға үйрету. Байланысту сөз құрауға үйрету. | 1 | |
| 31. | **Келші,келші,балашым. «Бопені бөлеу»** | Балаларға бөпені бөлеу туралы түсініктерін молайту, гүлдердің түстерін молайту. | 1 | |
| 32. | **Жер байлығы – ел байлығы. Аулаға гүл егеміз.** | Гүлдер, өсімдіктер туралы түсініктерін молайту, гүлдердің түстерін молайту. | 1 | |
| 33. | **Куыршақты жуындырамыз.** | Куыршақ арқылы тазалық туралы түсінігін береміз, балаларды таза болуға баулу. | 1 | |
| 34. | **Жайдарлы жаз.** | Балалармен сурет көрсете отырып әңгімелесу, әңгіме арқылы балалрдың сөздік қорын молайту. | 1 | |
| 35. | **Жабайы аңдарға қамқорлық.** | Жабайы аңдар туралы түсініктерін дамыту, жануаларға қамқорлық жасауға баулу. | 1 | |
| 36. | **Отбасымен сыпайы сөйлесе білу.** | Үлкендердің айтқандарын тыңдап, дұрыс жауап беруге үйрету. | 1 | |

**Вариативтік бөлімі бойынша жұмыс жоспары**

**№12 «Балдырған» ортаңғы топ**

| № | Тақырып | Мақсаты | Ізгі сөздер | Көрнекілігі | Тәрбие жұмысы |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қыркүйек 1 апта** | Үлкендерді сыйлау (ойын арқылы) | Балаларды үлкендермен қарым-қатынаста әке-шешесін, әжесін, атасын тыңдау, сыйлауға үйрету. Үлкендерге көмектесу. | Сіз-біз, тыңдау, әке, ана | Сурет бойынша Адамдық асыл-мұрат. | «Әже мен немере» І. Жансүгіров |
| **2 апта** | Әдептілікке тәрбиелеу | Балаларды сәлемдесу, қоштасу, ізгілікке баулу. Тамақтану мәдениетін үйрету. | Саламатсыз ба! Сау болыңыз, рахмет | Суреттер бойынша | Әңгіме бойынша Д/ ойын: «Жақсы-жаман» |
| **3 апта** | Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйрету. | Ойын бұрышында ұқыпты ойнауға, әрі таза орын орына қоюға үйрету. Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету. | Ойыншықтар, үлкен, кіші. | Ойыншықтар Еңбек түбі - зейнет түбі | «Добым менің» |
| **4 апта** | Үй жануарларына қамқорлық. | Төрт түлік мал туралы түсінік беру, олармен таныстыру. Үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | Түйе, жылқы, сиыр, қой. | Сурет бойынша, ойыншықтар | «Ауладағы жануар» әңгімесі Д/ ойын: «Үй жануарларының төлдерін тап» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қазан 1-апта** | Жапырақ жинаймыз (ойын ермек) | Өзіне-өзі қызмет дағдыларын жетілдіру, ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету, табиғат байлығы, ағаштар-бәрі де адамға қажет екенін түсіндіру. | Жапырақ, сары, қызыл, ұшады, жинаймыз. | Серуен Жер байлығы = ел байлығы. | «Күз» тақпақ. |
| **2-апта** | Ата-ананың еңбегін қадірлеу. | Ата-ананың мамандығын білу арқылы еңбегін қадірлеу. Еңбек туралы түсінік. | Дәрігер, сатушы, мұғалім | Сурет Еңбек түбі-зейнет. | «Менің мамам дәрігер» әңгімесі |
| **3-апта** | Топты таза ұстауға үйрету. | Топты таза ұстауға, бөлмені жинастыруға үйрету, ұжымдық еңбекті татулықпен атқару. | Лас, таза, жарық, сүртеміз, жуамыз. | Топ бойынша серіктіру | «Тазалықты серіктіру» ермек жаттығу |
| **4-апта** | Менің сүйікті ойыншығым | Ойыншықтармен еңбек дағдыларын қалыптастыру (ұйықтату, киіндіру, жуындыру) | Менікі, сенікі, әдемі, үлкен. | Ойыншықтар | «Қуыршақ» |
| **Қараша 1-апта** | Келші, келші, балапан. Қуыршақты киіндіреміз | Ойын түрінде қуыршақты киіндіріп, күзгі киімдердің, жазғы қысқы киімдерден ерекшеліктерін білдіру. | Су етік, плащ, жемпір | Қуыршақ, күзгі киімдер | «Бір уыс мақта» ертегі |
| **2-апта** | Жабайы аңдармен танысамыз. | Суреттеп жабайы аңдарды көрсетіп, солар туралы айту, үй жануарларынан айырмашылығын айту. | Қасқыр, түлкі, қоян, аю. | Суреттер, ойыншықтар Жер байлығы ел байлығы. | «Түлкі мен қасқыр» ертегі. |
| **3-апта** | Ақ боз үй. Ұлттық бұйымдармен таныстыру. | Жалпы үй мүліктері, бұйымдарына ұқыптылықпен карауға, олардың адамға қажет нәрсе екенін түсіндіру. | Көрпе, сандық, үстел, киіз. | Суреттер, муляж. | Киіз үй бұрышына саяхат. |
| **4-апта** | Балабақша қызметкерлерінің еңбегін қадірлеу. | Балабақша қызметкерлерін атай білуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. | Аспазшы, күтуші, медбике, меңгеруші. | Суреттер. | Медбике бөлмесіне саяхат. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ақпан 1-апта** | Ақ дастархан. Ұлттық тағамдармен таныстыру | Ұлттық тағамдармен таныстыру, тамақ ішер алдында қол жуу, асты асықпай ішетіндігін айту. | Бауырсақ, құрт, көже, сүт | Тамақ ішер кезде енді<br>Сөйлемейміз, күлмейміз,<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз,білмейміз! | |
| **2-апта** | Ақ дастархан. Ұлттық ыдыстармен таныстыру. | Ұлттық ыдыстармен таныстыру, оларды салыстыру, есте сақтау дағдыларын дамыту. | Шәйнек, табақ, әдемі. | Сурет немесе муляж | Киіз үй бұрышына саяхат. |
| **3-апта** | Ақ боз үй. Ұлттық киімдер. | Ұлттық киімдермен, ою-өрнек пен таныстыру, басқа киімдермен айырмашылығын түсіндіру. | Тақия, қажекей, өрнек | Сурет немесе ұлттық киімдер сурет | |
| **4-апта** | Бақшаға саяхат. | Өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Табиғат байлығы, жерде өсетін өсімдіктер, жемістер адамға қажет екенін түсіндіру. | Алма, алмұрт, сары, дәмді, қызыл. | | Д\ойын: жемістер мен көкөністерді ажырат. |
| **Наурыз 1-апта** | Жылы жақтан ұшып келген құстарға қамқорлық жасау. | Жылы жақтан ұшып келген құстар туралы түсінік беру. Қыстайтын құстарды ажырата білуге үйрету. Құстарға қамқорлық жасауға баулу. | Қарлығаш, қараторғай | Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер мен суреттер | "Қарлығаш" әнұранын орындау. |
| **2-апта** | Келші, келші, балашым. Сүйікті әжем. | Аналар мейрамы туралы түсінік беру. Үлкендерді сыйлауға үйрету. | Әже, ана, апа, мейрам. | Сурет | «Менің әжем» Ә.Дүйсенбаев |
| **3-апта** | Кім боласың? (ойын түрінде қайталау сабағы) | Балаларға еңбек, мамандықтар туралы алған білімдерін ойын арқылы жетілдіру, мамандықтардың атауларын дұрыс айтқызу. | Мұғалім, аспазшы, дәрігер, ұшқыш | Суреттер бойынша әңгіме | Слайд көру. |
| **4-апта** | Құтты болсын Наурыз. | Халықтың ұлттық мерекесі наурыз туралы түсінік беру, ұлттық киімдермен,тағамдармен таныстыру. | Наурыз, мейрам, ұлттық, көңілді. | Суреттер бойынша әңгіме | ұ\о: "Арқан тарту", "Атжарыс". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Желтоқсан 1-апта** | Кім боласың? (ойын түрінде) | Балаларға түрлі мамандықтар туралы, түсінік беру. Сурет бойынша мамандықтардың атауларын атап, еңбектерін түсіндіру. | Дүкенші, тігінші, аспазшы. | | Тәрбиеші көмекшінің еңбегін бақылау. |
| **2-апта** | Қыс қызығы. | Қысқы өзгерістер туралы түсінік беру, шана туралы түсінік беру. Ойлау қабілетін дамыту. | Қыс, мұздай, қар, ақ | Серуен | «Жасаймын шана» |
| **3-апта** | Қыстайтын құстар. | Құстармен таныстыру, құстарды аялауға, қамқорлық жасауға үйрету. | Торғай, қарға, сауысқан, көгершін. | Суреттер | «Торғай» |
| **4-апта** | «Біздің шырша» | Шырша туралы түсінік беру. Бір-бірімен шын ниетпен ізгі тіліктер білдіре білуге тәрбиелеу. | Шырша, әдемі, шамдар. | Шырша | Шыршаны безендіру. |
| **Қаңтар 1-апта** | <u>Ақ дастархан.</u> Дастарханға не керек? | Тамақ ішер алдында қол жуу, тамақты асықпай ішу керектігін түсіндіру. Дәстүр туралы түсініктерін молайту, өлеңді жатқа айтуға үйрету. | Рахмет, ас болсын | Тағамдардың суреттері | «Бауырсақ» ертегісін сахналау. |
| **2-апта** | <u>Келші, келші, балашым.</u> Қуыршақ қонаққа келді. | «Тұсау кесу» туралы түсінік беру. Ойыншық арқылы ойын түрінде дәстүр туралы түсініктерін молайту. | Қайшы, қуыршақ, тәй-тәй | Қуыршақ, ала жіп | «Тәй-тәй қуыршақ» |
| **3-апта** | Көкіністер – табиғат байлығы | Көкіністер туралы түсінік беру. Көкіністер, жемістер адамға қажет екенін айту. | Картоп, орам-жапырақ, пияз, сәбіз | Муляж, суреттеу | «Қияр мен орамжапырақ» ертегі. |
| **4-апта** | Аквариумдағы балықтар. | Аквариумдағы балықтарды бақылата отырып, балықтарға қайырымдылық, сүйіспеншілік негізерін қалыптастыру. | Балық, әдемі, жем, шөп | Аквариум, балықтар | Аквариумдағы, балықтарды бақылату. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сәуір 1-апта** | Жер байлығы – ел байлығы. Көктем . | Балаларға көктем туралы түсінік беру, көктемдегі өзгерістер туралы айту, табиғатты аялауға үйрету. | Көктем, күн, жылы | Серуен | «Көктем» |
| **2-апта** | Төрт түлікке қамқорлық. | Балаларды ненің 4 екенін ажыратып атайға үйрету. Байланысты сөз құрастыруға үйрету. | Лақ, құлыншақ, аялау. | Ойыншықтар, суреттер. | «Құлыншақ» Е.Ескендіров |
| **3-апта** | Келші, келші, балашым. «Бөпені бөлеу» | Балаларға бөпені бөлеу туралы түсінік беру, дәстүр туралы түсініктерін молайту. | Бесік, әлди-әлди, тербету, жұбату. | Қуыршақ, бесік | «Жұбатамын бөпемді». |
| **4-апта** | Жер байлығы – ел байлығы. Аулаға гүл егеміз. | Гүлдер, өсімдіктер туралы түсініктерін молайту, гүлдердің түстерін молайту. | Гүл, сары, қызыл, жасыл. | Суреттер, қиындылар. | «Шыбық ектім аулама» |
| **Мамыр 1-апта** | Қуыршақты жуындырамыз. | Қуыршақ арқылы тазалық турэалы түсігнік береміз, балаларды таза болуға баулу. | Таза, лас, сабын, су. | Суреттер | «Тазалықты сүйемін» |
| **2-апта** | Жайдарлы жаз. | Балалармен сурет көрсете отырып әңгімелесу, әңгіме арқылы балалардың сөздік қорын молайту. | Жаз, жайлау, жылы, гүл | Сурет | «Жаз " тақпақ |
| **3-апта** | Жабайы аңдарға қамқорлық. | Жабайы аңдар туралы түсініктерін дамыту, жануарларға қамқорлық жасауға баулу. | Қасқыр, түлкі, орман. | Суреттер, ойыншықтар | «Түлкі мен қоян » ертегісі |
| **4-апта** | Отбасымен сыпайы сөйлесе білу | Үлкендердің айтқандарын тыңдап, дұрыс жауап беруге үйрету. | Сіз, біз, рахмет, кешір | Отбасы бейнеленген сурет. | Д\ойын: "Сиқырлы сөздер". |